

● Жолдауға қолдау

Арнайы стратегиялық жоба енгізілсе...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын бүкіл ұжым болып талқыладық. Жолдауда аталып өткен 7 бағыт, 5 бастама қазақстандықтар үшін қай жағынан алып қарасақ та маңызы зор стратегиялық бастамалар. Әйтсе де, әскери маман ретінде әскери кафедрамызға тікелей қатысы бар 2 бағытқа нақты тоқталғым келеді.

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға байланысты айтарым, «ауру батпандап кіреді, мысқалдан шығады» дейді дана халқымыз. Шарттарарапты шарлаған тәжкирүсі тәнімізге батпандап кіріп, бірер жыл бойы еліміздің аумағынан ары үзап кете қоймады. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы аурудың алдын алу және таралу ауқымын тәжеу үшін жүйелі түрде жұмыс істеу көрек екенін баса назарға алған болатын. Сонымен қатар, «Дені сау ұлт» жобасы бойынша кеміндеге 12 зертхананы жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау көрек екенін ескертіп етті.


Пандемия медицина саласындағы осал тұстарымызды анық көрсетті. Сондықтан медицина саласына қомақты қаражат жұмсалып қана қоймай, білікті мамандарды даярлауга, дәрі-дәрмек дефицитін азайтуға бағытталуы көрек деп санаймын. Себебі, біздегі дәрі-дәрмектің 17 пайызы ғана отандық өнім, қалғаны – импорттық препараттар. Сырт жақтан тасымалданатын дәрі-дәрмектердің көп болуы, біріншіден, отандық өндірісті регреске ұшыратады әрі артық шығын. Сондықтан қаржының едеуір белгін ұлттық тенденциялық бағытқа қарай бұру – сауатты шешім деп санаймын. Биологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне бірден-бір жол

бірізді, тиянақты ұлттық жүйенің болуы.

Денсаулықтың кепілі – дene шынықтыру. Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдаудың соңғы бөлігінде тен саулығына ерекше маңыз береді. Даны бабаларымыз: «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаса керек-ті. Біздің кафедрамызда арнайы спорттық іс-шаралар жоспарлы түрде өтіп тұрады, барлық санитарлық талаптар сақтала отырып, оку жүйесі сауатты үйімдастырылған.

Сапалы білім беруге келсек, қантар айынан бастап педагогика қызметкерлерінің айлығы 25 пайызға көтерілгені баршамызға мәлім. Бұл ынталандыру әдісі жас жеткіншіктер мен тәжірибелі ұстаздардың екінши тынысын ашқандай болды. Алайда, жоғары оку орнын бітіріп, енбек нарығына дайын маман болып шыққан соң құжаттарын сандық тубінде сарғайтып, басқа салаға ойысып кететін жастар да аз емес. Демек, бұл істін өзектілігі жоғары.

Онлайн көністіктерінде білім сапасының сын көтермейтіндігі жасырын емес. Сол себепті коммуникациялық желілердің тиімділігін арттыру – білім алушының ынтажігеріне және ақпаратты қабылдаудына тікелей өсер етеді деген ойдамыз.



Жолдауда жыл сайын 50 мың ту-лек окуға ақылы негізде түседі дөлін-ген. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасы балалары. Ал, қазір елдегі 6,5 миллионнан астам адамның жалдамалы жұмысшы болып жүргенін ескерсек, халықтың қалтасы ақылы оқуды көтере бермейтіні анық. Оның үстінен бүтінгідей қымбатшылық пен COVID-19 екі буйірден қысып тұрған уақытта елге тіпті қыын. Сол себепті Президент атап өткендей, техникалық және кәсіби, яғни сұранысы жоғары болып тұрған барлық мамандықтар мемлекет таралынан тегін қаржыландырылуы тиіс. Сондай-ақ, әскери қызметтегі сарбаздардың енбек нарығында белсенді болуы үшін және әскери оку орындарында студенттердің ғылыми-шығармашылық бағытта еркін іздене отырып, білім алуы үшін арнайы стратегиялық жоба енгізілсе құба-құп болар еді.

**Ислам АХМЕТОВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті әскери
кафедрасының оқытушысы,
запастагы подполковник.**